

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау комитетімен  
2013 жылдың 27 желтоқсанында

**келісілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2013 жылдың 28 қарашасындағы  
№ 29 отырыс хаттамасы)

**бекітілді**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау комитетінің  
Төрағасы

2014 жылдың 10 ақпанынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

ҚОЖАХМЕТОВ К.Б.

**Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған  
нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын беру  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

Алматы қ.

2013 жыл

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерінің өз клиенттеріне бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын (бұдан әрі – тікелей кіру рұқсаттамасы) беру қызметін көрсету шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған түсініктер қолданылған.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін мынадай шартты белгілер қолданылған:
  - 1) DMA-клиенті<sup>1</sup> – Биржа мүшесі өз атынан немесе өз клиентінің атынан және/немесе оның тапсырмасымен және/немесе оның мүддесіне Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасу үшін DMA жүйесін қолдануға ниеттенген немесе қолданатын, Биржа мүшесінің клиенті;
  - 2) DMA жүйесі – Биржаның сауда-саттық жүйесімен өзара әрекеттесетін және DMA-клиенттерінің клиенттік тапсырыстары негізінде қалыптастырылған, өтінімдер негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға арналған, Биржа мүшесінің бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;
  - 3) шлюз – Биржаның сауда-саттық жүйесімен DMA жүйесінің өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуге, соның ішінде DMA жүйесінен Биржаның сауда-саттық жүйесіне мәліметтер беру және Биржаның сауда-саттық жүйесінен DMA жүйесімен мәліметтер алуына арналған, Биржаның сауда-саттық жүйесінің шлюзі, бағдарламалық-техникалық құрал.
3. Тікелей кіру рұқсаттамасы деп түсіну керек:
  - 1) клиенттік тапсырыстарды DMA-клиенттері дербес түрде DMA жүйесін қолданумен қалыптастырады (Биржа мүшелерінің қызметкерлерінің тікелей қатысуысыз) және электрондық түрде DMA жүйесі арқылы Биржа мүшелеріне ұсынады;
  - 2) DMA жүйесі арқылы алынған клиенттік тапсырыстарға Биржа мүшелері жылдамдатылған (әдетте, автоматтандырылған) тіркеу, тексеру, анықтау, есепке алу және клиенттік тапсырыстарды орындау процедураларын қолданады;
  - 3) DMA жүйесі арқылы Биржа мүшелері алған және тіркеген клиенттік тапсырыстары негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға берілген өтінімдер DMA жүйесімен автоматты түрде қалыптастырылады.
4. DMA-клиенттерімен DMA жүйесін қолдану арқылы қалыптастырылған клиенттік тапсырыстарға, Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға алған және тіркеген клиенттік тапсырыстарына, DMA-клиенттерімен DMA жүйесін қолдану арқылы қалыптастырылған клиенттік тапсырыстары негізінде Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға алған және тіркеген клиенттік тапсырыстары негізінде жасалған мәмілелерге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында жалпы клиенттік тапсырыстарға, мәміле жасауға берілген тапсырыстарға, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалатын (жасалған) мәмілелерге қатысты белгіленген (осы Ережелердің 5 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) нормалар қолданылады.

Биржа мүшесі DMA-клиенттерінің тапсырмасымен және олардың есебінен Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің толық көлемде және уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.
5. Биржа мүшелерінің DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген клиенттік тапсырыстары негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәміле жасауға өтінімдер Биржаның сауда-

---

<sup>1</sup> DMA (от англ. Direct Market Access) – нарыққа тікелей кіру рұқсаттамасы.

саттық жүйесінде Биржа мүшесінің DMA-клиентінің тапсырысмен және/немесе олардың есебінен және/немесе мүддесіне берген өтінімі ретінде белгіленеді.

6. Тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсету үшін Биржаның өзінің немесе оның еншілес ұйымдарының түрлі DMA әзірленімдерінің жүйелері, сондай-ақ – Биржаның рұқсатымен – Биржа мүшелерінің меншікті немесе жат жақтардың әзірленімдері қолданылуы мүмкін.

DMA жүйесі, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, Биржа Басқармасының<sup>2</sup> шешімдерімен бекітілген ішкі құжаттарында белгіленген, DMA жүйелеріне қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Биржа мүшелерінің меншікті және жат жақтар әзірленімдерінің DMA жүйелерін қолдануға Биржаның рұқсаты осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес беріледі.

7. Биржа мүшелері өздерінің DMA-клиенттеріне тікелей кіру рұқсаттамаларын беру қызметін, осы Ережелердің 3 тарауында белгіленген, шарттарды орындаумен, көрсетеді.

## 2 тарау. DMA ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУ

8. Биржа өз мүшелеріне тегін кеңес беріп, қолдағы бар және әзірленетін DMA жүйелерін шлюздар арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосу сұрақтары бойынша ақпараттар ұсынады.
9. Биржаға DMA жүйесін қолдануға рұқсат алу туралы өтініш берер алдында Биржа мүшесі өз қызметкерлері арасынан қызметкерлерді (соның ішінде кемінде бір жетекші қызметкер мен кемінде бір сауда-саттық бөлімшесінің қызметкерін) белгілеп, олардың еңбектік міндеттеріне Биржамен тікелей кіру рұқсаттамасы және осы Ережелердің барлық нормалары мен, осы Ережелердің 6 тармағында аталған, талаптарын орындау бойынша өзара әрекеттестік кіруін қамтамасыз етуі тиіс.
10. Биржаның өзі немесе еншілес ұйымы әзірлеген DMA жүйесін қолдануға Биржаның рұқсаты алу үшін Биржа мүшесі осы Ережелердің 1 қосымшасында берілген нысандағы осы жүйені қолдануға рұқсат беру туралы өтінішін ұсынуы тиіс.
11. Биржа мүшесінің өзі немесе жат жақтың әзірлеген DMA жүйесін қолдануға Биржаның рұқсатын алу үшін Биржа мүшесі мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:
  - 1) осы Ережелердің 1 қосымшасында берілген нысандағы осы жүйені қолдануға рұқсат беру туралы өтініші;
  - 2) осы жүйенің авторлық құқық нысаны ретінде құқықтардың мемлекеттік тіркеуі туралы куәліктің көшірмесі немесе басқа құжат, осы құжатта мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

осы жүйенің атауы;

осы жүйенің құқық иеленушісінің атауы;

осы жүйеге құқықтарды тіркеудің күні мен нөмірі, тіркеген органның атауы;
  - 3) (жат жақ әзірлеген DMA жүйесіне қатысты) осы жүйені пайдалану туралы әзірлеушімен жасалаған келісім-шарттың көшірмесі (осы Ережелердің 12 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
  - 4) осы жүйенің сипаттамасы (осы Ережелердің 13 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп);
  - 5) осы жүйені пайдалану жетекшілігі.

---

<sup>2</sup> Биржа Басқармасының (2013 жылдың 12 тамызындағы № 122) шешімімен бекітілген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің DMA жүйелеріне және оларды пайдалану бойынша қойылатын талаптар.

12. Биржа мүшесінің жат жақ әзірлеген DMA жүйесін пайдалану туралы келісім-шартта мынадай нормалар болуы тиіс:
  - 1) жүйенің, осы Ережелердің 6 тармағында белгіленген талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, әзірлеушісімен актуалды күйінде ұстауының және осы жүйенің Биржаның бағдарламалық-техникалық жүйесімен тиісті өзара әрекеттестігінің шарттары мен тәртібі туралы;
  - 2) осы жүйені әзірлеушісінің Биржа мүшесіне сипаттамасын (осы Ережелердің 13 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп) және, Биржа мүшесі мен оның DMA-клиентіне арналған, пайдаланушының нұсқаулығын ұсыну міндеттемесі, сондай-ақ осы сипаттама мен нұсқаулықтарды актуалды күйінде ұстау бойынша міндеттемесі туралы;
  - 3) осы жүйені әзірлеушісінің Биржа мүшесіне, келісім-шарттың қолданыста болу мерзімі бойы, осы жүйені Биржа мүшесімен және оның DMA-клиенттерімен пайдалануы сұрақтары бойынша кеңес беруі туралы.
13. Биржа мүшесінің пайдаланатын, DMA жүйесінің сипаттамасы осы Ережелердің 6 тармағында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.
14. Осы Ережелердің 10 тармағына сәйкес Биржа қабылдаған, DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті, Биржа өтінішті алғаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында қарайды.

Осы Ережелердің 11 тармағына сәйкес Биржа қабылдаған, DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті, аталмыш тармаққа сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың соңғысын Биржа алғаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында қарайды.
15. DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті Биржамен қарауы барысында, осындай өтінішті берген, Биржа мүшелерінен осы Ережелердің 6 тармағында белгіленген талаптарды орындауын тексеруге қажетті, кез келген қосымша құжаттарды немесе мәліметтерді сұрауға құқылы, ал ол болса ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес, Биржа қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді сұратқан жағдайда, осы Ережелердің 14 тармағында белгіленген DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау мерзімі, сауалды жіберу күні мен осы сауалға сәйкес Биржа мүшесінен қосымша құжаттар және/немесе мәліметтер алу күні арасындағы уақыт аралығының мерзіміне сәйкес, ұзартылады.
16. DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы Биржаның шешімі Биржа Басқармасының шешімімен рәсімделеді.

DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беруден бас тарту туралы Биржаның шешімі, тікелей кіруді ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен (осы Ережелердің 17 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп) қабылданады.

Биржа өз мүшесіне DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беруі туралы немесе DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беруден бас тартуы туралы (бас тартудың себебі көрсетіліп) жазбаша түрде хабарлайды (хабарлама Биржа Басқармасы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей жолданануы тиіс).
17. Тікелей кіруді ұйымдастыру сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесі, Биржа мүшесіне мынадай негіздердің кез келгені бойынша DMA жүйесін пайдалануына рұқсат беруден бас тартуға құқылы:
  - 1) Биржа мүшесінің осы жүйені пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішінің осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген үлгіге сәйкес болмауы;
  - 2) осы Ережелердің 11 тармағында аталған құжаттардың кез келгенін Биржа мүшесі ұсынбауы;
  - 3) көшірмесі Биржа мүшесімен, осы Ережелердің 11 тармағының 2) тармақшасына сәйкес Биржаға ұсынылған, осы жүйеге авторлық құқық нысаны ретінде мемлекеттік

- тіркеу туралы куәліктің немесе осы жүйеге авторлық құқықтарды куәландыратын басқа да құжаттың болмауы, осы тармақта аталған кез келген мәліметтердің болмауы;
- 4) көшірмесі Биржа мүшесімен, осы Ережелердің 11 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Биржаға ұсынылған, осы жүйені әзірлеушімен жасалған жүйені пайдалану туралы келісім-шарттың осы Ережелердің 12 тармағында белгіленген, талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеуі;
  - 5) Биржа мүшесінің, осы Ережелердің 11 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Биржаға ұсынған осы жүйенің сипаттамасы, Биржа Басқармасының шешімімен бекітілген Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, DMA жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;
  - 6) Биржа мүшесінің осы Ережелердің 11 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Биржаға ұсынған, осы жүйені пайдаланушыларына жетекшіліктің, Биржа мүшесі осы Ережелердің 11 тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған, осы жүйенің сипаттамасына сәйкес келмеуі;
  - 7) Биржа мүшесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын орындамауы Биржа Басқармасына осы Биржа мүшесі өз клиенттерінің немесе Биржаның мүлігіне қандай да бір залалын тигізуі немесе қандай да бір амалдармен өз клиенттерінің немесе Биржаның мүддесіне қысым жасауы мүмкін деп түсінуіне негіз болады.
18. Биржа өз мүшелерінің пайдаланатын, шлюздерінің максималды үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

### **3 тарау. ТІКЕЛЕЙ КІРУ РҰҚСАТТАМАСЫН БЕРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ**

19. Биржа мүшесі, осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес DMA-жүйесін пайдалануға Биржаның рұқсатын алғаннан кейін ғана өзінің DMA-клиенттеріне тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсетуға құқылы.
20. Биржа мүшесі өзінің DMA-клиенттеріне бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының тек өзінің Биржадағы мүшелік санаттарына сәйкес сауда-саттықтарға қатысуға құқылы секторларына қатысты қызметтер көрсетуге құқылы.  
Биржа мүшесіне DMA-клиентіне немесе басқа тұлғаға тікелей кіру рұқсаттамасын үшінші жақтарға беруге тыйым салынады.
21. Биржа мүшесі өзінің DMA-клиентіне тікелей кіру рұқсаттамасын беру қызметін, осы Ережелердің 6 тармағында белгіленген талаптарға сай, екеуінің арасында жасалған брокерлік қызметтерді көрсету туралы келісім-шарты негізінде жүзеге асырылады.
22. Тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсететін, Биржа мүшесі өзінің DMA-клиенттерін, олардың жүйеге (жүйелерге) кіруге арналған логиндері мен құпия сөздерін есепке алуға міндетті.  
Тікелей кіру рұқсаттамасы беру бойынша қызмет көрсететін Биржа мүшесі есепке алу мәліметтері негізінде өзінің DMA-клиенттері туралы мәліметтерін, осы Ережелердің 2 қосымшасында берілген үлгі бойынша, Биржаға жылына екі рет, әр жылдың 01 шілдесіндегі және 01 қаңтарындағы жағдай бойынша беруі тиіс, бұл ретте осы мәліметтерді Биржа, тиісінше 30 шілденің және 31 қаңтарының Алматы уақытымен сағат 18.00-ге дейін алуы тиіс, сондай-ақ, Биржаның жіберген сауалдарына сәйкес, кез келген уақытта Биржа белгілеген уақыттарындағы жағдай бойынша мәліметтерді ұсынуы тиіс.
23. Биржа мүшесінің DMA жүйесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішінде көрсеткен мәліметтерінің бірі өзгерген жағдайда, еркін түрде жазылған хат жолдап, осы туралы Биржаға осындай өзгерістер болған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында хабарлауы тиіс.
24. Шлюздердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, Биржа өзінің сауда-саттық жүйесінде мәміле жасауға берілетін өтінімдердің, қандай да бір шлюз арқылы белгілі бір

уақыт аралығында Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілетін, DMA-клиенттерінің клиенттік тапсырыстары негізінде DMA жүйелерімен қалыптастырылғандардың санын шектеуге құқылы.

Тікелей кіруді ұйымдастыру сұрақтарына жетекшілік ететін Биржа Басқармасы аталмыш шектеулерді, қандай шлюздарды пайдалануына қарай барлығына қатысты, сондай-ақ жеке Биржа мүшелеріне қатысты (осы Ережелердің 25 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) қолдануы мүмкін.

Аталған шектеулердің белгіленгені туралы Биржа өз мүшелеріне дереу хабарлайды.

25. Тікелей кіруді ұйымдастыру сұрақтарына жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі мынадай жағдайларда, осы Ережелердің 24 тармағында белгіленген, шектеулерді белгілеуге құқылы:
- 1) Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілетін, Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға DMA-клиенттерінің клиенттік тапсырыстары негізінде DMA жүйелерімен қалыптастырылған өтінімдердің жиынтық саны, Биржаның сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық-техникалық сипатталарына сәйкес бір секундта Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілуі мүмкін болатын өтінімдердің максималды санының жартысынан асуы (осы Ережелердің 26 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
  - 2) Биржа мүшесінің алгоритмдік немесе жоғары жиілікті сауда-саттық бағдарламаларын қолдануы салдарынан Биржа мүшесінің клиенттерінің немесе Биржаның мүлігіне, немесе қандай да бір амалдармен Биржа мүшесінің клиенттерінің немесе Биржаның мүддесіне қысым жасауы мүмкін, немесе Биржаның "Кәсіби этика және іскерлік мәдениет ережелері"<sup>3</sup> атты ішкі құжатының нормаларын бұзушылыққа әкеп соқтыруы.
26. Биржаның сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық-техникалық сипатталарына сәйкес бір секундта Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілуі мүмкін өтінімдердің максималды саны, сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық және/немесе техникалық қамтуының өзгеруіне қарай, Биржа өткізетін жүктемелік тестілеу нәтижелері бойынша анықталады, және Биржаның сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларына арналған жетекшілігінде белгіленіп, сауда-саттық жүйесін әзірлеу және қолдау сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесінің рұқсатымен, Биржаның интернет-сайтында жарияланып, еркін түрде қолжетімді болады.

#### **4 тарау. БИРЖАНЫҢ ТІКЕЛЕЙ КІРУ РҰҚСАТТАМАСЫН БЕРУДІ БАҚЫЛАУЫ. БИРЖАНЫҢ ТІКЕЛЕЙ КІРУГЕ ҚАТЫСТЫ АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТАРЫ**

27. Биржа өз мүшелеріне тікелей кіру рұқсаттамасын беруді бақылайды және осы мақсатта құқылы:
- 1) тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсететін, Биржа мүшелерінен олардың тікелей кіру рұқсаттамасын беруінің шарттары мен тәртібі туралы, пайдаланатын DMA жүйелерінің бағдарламалық, техникалық және басқа да сипаттамалары туралы кез келген құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
  - 2) тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсететін, Биржа мүшелерінен олардың DMA-клиенттері туралы, олардың көрсететін қызметтердің сапасын бағалау үшін және Биржа мүшелерінің және олардың DMA-клиенттерінің DMA жүйелерін пайдаланумен жүзеге асыратын әрекеттерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының нормаларына сәйкестігін бағалау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
  - 3) кез келген уақытта Биржа мүшелері пайдаланатын DMA жүйелеріне, сондай-ақ, Биржа мүшелерінің тікелей кіру рұқсаттамасын бергенде қолданатын, ақпараттарды

---

<sup>3</sup> Биржалық кеңестің (2013 жылдың 25 сәуіріндегі № 10) шешімімен бекітілген.

бағдарламалық-криптографиялық қорғау құралдарына, ақпараттар беру құралдарына арнайы тексерулерін және/немесе тестілеулерін жасауға.

28. Тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсететін, Биржа мүшелері, осы Ережелердің 27 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Биржа сұратқан кез келген құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға, сондай-ақ, осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес өткізілетін арнайы тексерулер және/немесе тексерулерді жүзеге асыруға Биржаға көмек көрсетуге міндетті.

Биржа осы Ережелердің 27 тармағының 3) тармақшасына сәйкес арнайы тексеру және/немесе тестілеу өткізетіні туралы, осындай тексерудің (тестілеудің) басталуы алдында кемінде үш жұмыс күн бұрын, Биржа мүшесіне хабарлауы тиіс.

29. Егер, осы Ережелердің 27 және 28 тармақтарына сәйкес Биржа алған құжаттар мен мәліметтердің талдауы нәтижелері бойынша, жүзеге асырған арнайы тексерулері және/немесе тестілеулері нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзу деректері, Биржа мүшесінің және немесе оның DMA-клиентінің тәуекелдерін басқару жүйесінің кемшіліктері анықталған жағдайда, Биржа құқылы:

- 1) осы Биржа мүшесінің қандай да бір DMA-клиентінің тікелей кіруін уақытша немесе біржола тоқтатуға (Биржаның осындай уақытша немесе біржола тоқтатуын қамтамасыз ету үшін тиісті техникалық шараларын қолдануымен);
- 2) осы Биржа мүшесіне қандай да бір шлюзді пайдалануын уақытша немесе біржола тыйым салуға (Биржаның осындай уақытша немесе біржола тыйымды қамтамасыз ету үшін тиісті техникалық шараларын қолдануымен);
- 3) осы Биржа мүшесіне қандай да бір Биржаның осындай уақытша немесе біржола тоқтатуын қамтамасыз ету бойынша тиісті техникалық шараларын қолдануымен жүйесін пайдалануға берген рұқсатының қолданысын уақытша тоқтатуға немесе осы рұқсатты қайтарып алуға (Биржаның осындай уақытша немесе қайтарып алуды қамтамасыз ету бойынша тиісті техникалық шараларын қолдануымен);
- 4) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де шараларды қолдануға.

30. Осы Ережелердің 29 тармағының бірінші абзацында қарастырылған негіздерден басқа жағдайда, Биржа аталған тармақтың 1)-3) тармақшаларында белгіленген шаралардың кез келгенін, Биржа мүшелерінің тікелей кіру рұқсаттамасын барлық немесе жеке DMA-клиентіне беру бойынша қызмет көрсетуін мүмкін емес ететіндей, Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Биржаның ішкі құжаттары өзгеруіне байланысты қолдануға құқылы.

31. Осы Ережелердің 29 және 30 тармақтарына сәйкес ықпалшаралар қолдану туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды және осынедай шешім қабыладудың себептері, сондай-ақ – осындай шешім қандай да бір DMA-клиентінің тікелей кіру рұқсаттамасын уақытша тоқтатуды, қандай да бір шлюзді пайдалануды уақытша тоқтатуды немесе қандай да бір DMA жүйесін пайдалануға рұқсаттық қолданысын уақытша тоқтатуды қарастырса – рұқсаттаманың (пайдаланудың, әрекеттің) қайта берілу (қайта басталуы) мүмкіншілігінің шарттарын немесе шарттары мен мерзімі белгіленуі тиіс.

Биржа өз мүшесіне осы Ережелердің 29 немесе 30 тармағына сәйкес ықпалшара қолданатыны туралы жазбаша түрде хабарлайды(хабарлама осындай шараның қолдануы туралы Биржа Басқармасы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей жолданады).

32. Егер Биржа мүшесі қандай да бір DMA-клиентінің тікелей кіру рұқсаттамасын уақытша тоқтату, қандай да бір шлюзді пайдалануды уақытша тоқтату, қандай да бір DMA жүйесін пайдалануды уақытша тоқтату туралы Биржа Басқармасының шешімінің себепін жоймаса, Биржа дербес түрде (Басқарманың шешімі негізінде) осы DMA-клиентінің тікелей кіру рұқсаттамасын тоқтатуға, Биржа мүшесіне осы шлюзді пайдалануға тыйым салуға, Биржа мүшесіне осыдан бұрын берген DMA жүйесін пайдалануға рұқсатын қайтап алуға құқылы.

33. Осы Ережелердің 31 және 32 тармағында белгіленген, Биржа Басқармасының шешіміне Биржа мүшесі Биржалық кеңеске, осындай шешім қабылданғаннан кейін 60 жұмыс күн

аралығында, шағымдануға құқылы. Бұл ретте, шағымдану осы шешімнің қолданысын тоқтатпайды.

34. Биржа Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау мен бақылау мемлееттік органдарының сауалына сәйкес, тікелей кіру рұқсаттамасын беру бойынша қызметтер көрсететін Биржа мүшелерінің барлығы немесе жеке мүшесінің қызметі туралы, олардың пайдаланатын DMA жүйелері және DMA-клиенттері туралы мәліметтер ұсынуға құқылы.

## 5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫҚ ҚАҒИДАЛАР

35. Осы Ережелердің 36 тармағымен қарастырылған ерекшеліктерді қоспағанда, Биржаға оның мүшесі, осы Ережелерге сәйкес, pdf, doc немесе xml форматтарында электрондық түрде ұсынатын құжаттар мен мәліметтер, Биржа анықтаған, кепілденген жеткізілімнің транспорттық жүйесі арқылы, берілетін мәліметтердің өзгеріссіздігін және құпиялығын қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғау құралдарын қолданумен жүзеге асырылады.
36. Биржаға оның мүшелері осы Ережелердің 10, 11 және 23 тармағына сәйкес ұсынуы тиіс, құжаттар, Биржаға қағаздағы және электрондық тасымалдағыштарда ұсынылуы тиіс.  
Осы Ережелердің 15, 27 және 28 тармақтарына сәйкес Биржаның сауаллы бойынша Биржаның мүшелері ұсынуы тиіс құжаттармен мәліметтер үшін, Биржа осы Ережелердің 35 тармағында белгіленген талаптардан басқасын орнатуы мүмкін. Бұл ретте Биржа осындай құжаттар мен мәліметтердің рәсімделуіне талаптар орнатуға құқылы.
37. Биржа мүшесі осы Ережелердің қандай да бір талаптарын бұзғаны үшін, соның ішінде Биржаны сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, толық орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін жауапты болады.
38. Биржа қашықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау туралы өзінің ішкі құжаттарында белгіленген шарттар мен тәртіпте, Биржа мүшелерінің тікелей кіру бойынша қызметтер көрсететін Биржа мүшелеріне және DMA-клиенттерге шыққан шығындарын өтемейді.
39. осы Ережелерде реттелмеген сұрақтар, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ, бекітілген тәртіпте және құзіреттілігі шеңберінде қабылданған, Биржаның органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдерімен реттеледі.

Президент

А.М.Жолдасбеков